

**Қоянды ауылы №1 жалпы білім беретін орта мектебі оқушылардың тамақтану сапасын
бақылау комиссия отырысының
№ 6 хаттамасы**

30.01.2025ж.

Қатысқандар:

Комиссия төрайымы: М.Савилхан
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Б.Сәрсекеев
Ауыл белсендісі: Г.Б.Алимова
Ата-аналар комитетінің төрағасы : Е.Шөрке
Мектеп мейірбикесі: Е.Рахат
Әлеуметтік педагогтар: Н.М.Акишева, М.Солтанмұрат

Күн тәртібінде:

1. Жекелеген санаттағы оқушылардың тамақтандыруды ұйымдастыру қызметі.
2. Асхананың санитарлық жағдайы:
3. Ыстық тамақтың күнделікті ас мәзіріне сай жасалуын қадағалау.

Тыңдалды:

Әлеуметтік педагог: Оқушылардың тамақ ішуге арналған уақыт белгіленген, әр сынып санитарлық талаптар бойынша асханаға әр түрлі уақытта келіп тамақтанады. Бұл кесте мектеп директорының қолымен мөрімен бекітілген. Барлығы 504 оқушы тегін тамақпен қамтылған. Оның ішінде 447 оқушы бастауыш сынып оқушылары, 57 оқушы жаппай білім қорынан. Асхананың санитарлық жағдайы жақсы, тазалық сақталған.

Қоймадағы заттар маркерленген, әр өнім (көкөністер, жемістер) өз орнында, арнайы қорапшаларда сақталған.

Асханадағы тоңазытқыш жабдықтарының іші таза, санитарлық жағдайы жақсы, тауарлар көршілестігі сақталған. Тоңазытқыштарда термометрлері бар. Дайын тағамдардың тәуліктік сынамалары дұрыс сақталған.

Асхана меңгерушісі жеткізілетін тауарлардың сертификаттарының болуы туралы сөз алды. Тамақ өнімдерін тасымалдау, жеткізу, түсіру шарттары барлығы тексерілді, талапқа сай болды.

Күнделікті ас мәзірі перспективалық ас мәзіріне сәйкес дайындалады.

Асханадағы ыдыстардың, асхана аспаптарының жай-күйі жақсы, барлық пышақтар, тақтайшалар маркерленген, талапқа сәйкес. Ыдыстың қосалқы жиынтығы жеткілікті түрде бар.

Оқушыларға берілетін ыстық тамақ күнделікті ас мәзіріне сай берілуде, тағамның шығуы ас мәзірінде көрсетілген өлшемге сәйкес. Тамақ сапасына сай пісірілген.

ШЕШІМ:

1. Оқушылардың тамақтану сапасын қажетті нормаларға сәйкес болуы күнделікті қадағалансын.
2. Тәуліктік сынама уақытында алынсын.
3. Оқушыларға тамақ бекітілген ас мәзірі бойынша берілсін.

Төраға:

Хатшы



Сәрсекеев Бақыт

Солтанмұрат М.